

егемен

Қазықастан

Несіпбек Айтұлы. Мәңгілік ел белгісі

Мәңгілік Ел ұғымы қасиетті, киелі,
Елжіретіп жаныңды, иітеді жүйені.
Тебіреніп бұл сөзге бабалардың аруағы,
Тереңдегі тарихтың ағытылар тиегі.

Аласұрған теңіздей төңкерілген жалғанда,
Өлмейтұғын өмірді аңсамайтын ел бар ма?
Арпалысып бағыпты Күлтегіндей батырлар,
Тоныкөктей данышпан, Елтерістей хандар да.

Асыл арман жолында қаншама жұрт қан кешкен,
Аждаһамен алысып, алпауытпен белдескен.
Өсиетін ойдырып қара тасқа ақыры,
Қара жердің бетінен зым-зия боп мәңгі өшкен.

Өкінішін оқысаң таста қалған солардың,
Сай- сүйегің сырқырап, көкірекке толар мұң.
Тұздай құртып тұқымын талайларды тоздырған,
Төлкегінен тағдырдың келді сабақ алар күн.

Мәңгілік Ел дегенді оңай емес айту да,
Біле – білсең, ағайын, бағыт анық, ой тура.

Тылсымменен тілдеспей, отқа түсіп, су кешпей,
Абыройға бөленген қай заманда, қай тұлға?

Қандай болмақ шынында Мәңгілік Ел нышаны,
Туған жұрттың түтіні қайтсек түзу ұшады?
Жер бетінде жеті алып жан-жағыңнан анталап,
Ерегессе екеуі екі өкпеңнен қысады.

Тұлпарымыз тұралап тайғақ кешу, тар жолдан,
Мәңгілік Ел ұғымы қасиетті, киелі,
Елжіретіп жаныңды, иітеді жүйені.
Тебіреніп бұл сөзге бабалардың аруағы,
Тереңдегі тарихтың ағытылар тиегі.

Аласұрған теңіздей төңкерілген жалғанда,
Өлмейтұғын өмірді аңсамайтын ел бар ма?
Арпалысып бағыпты Күлтегіндей батырлар,
Тоныкөктей данышпан, Елтерістей хандар да.

Асыл арман жолында қаншама жұрт қан кешкен,
Аждаһамен алысып, алпауытпен белдескен.
Өсиетін ойдырып қара тасқа ақыры,
Қара жердің бетінен зым-зия боп мәңгі өшкен.

Өкінішін оқысаң таста қалған солардың,
Сай- сүйегің сырқырап, көкірекке толар мұң.
Тұздай құртып тұқымын талайларды тоздырған,
Төлкегінен тағдырдың келді сабақ алар күн.

Мәңгілік Ел дегенді оңай емес айту да,
Біле – білсең, ағайын, бағыт анық, ой тура.
Тылсымменен тілдеспей, отқа түсіп, су кешпей,
Абыройға бөленген қай заманда, қай тұлға?

Қандай болмақ шынында Мәңгілік Ел нышаны,
Туған жұрттың түтіні қайтсек түзу ұшады?
Жер бетінде жеті алып жан-жағыңнан анталап,
Ерегессе екеуі екі өкпеңнен қысады.

Тұлпарымыз тұралап тайғақ кешу, тар жолдан,
Бодан едік кешегі Бостандыққа зар болған.
Мәңгілік Ел бола алсақ-жұлдызымыз жанғаны,
Жердің жүзі, күн көзі дидарына таң қалған.

Мәңгілік Ел боламыз деп отырмыз жуырда,
Мәңгілік Ел белгісі – желбіреген Туыңда!
Еркін жүрген еліңде, аспаныңда, жеріңде,
Еркін ұшқан құсында, еркін аққан суыңда!

Не көрмедің, қазағым, тайталасқан тірлікте,
Мәңгілік Ел белгісі – береке мен бірлікте!
Ұл-қызыңда жол көрген, бесігіңде тербелген,
Алтын жіптей арқауы үзілмейтін кіндікте!

Босағанды ұмытпа, төрге шықсаң тегінде,
Мәңгілік Ел белгісі – есік пенен төріңде!
Қалатұғын артыңда – дәстүр менен салтыңда,
Өнеріңде ешқашан бас имеген өлімге!

Қазақ болсаң, қадірле өз тіліңді тіріңде,
Мәңгілік Ел белгісі – Мемлекеттік тіліңде!
Танымаған төркінін, менсінбеген өз тілін,
Талапай боп талай жұрт құрып біткен түбінде.

Мәңгілік Ел белгісі – жүрегінде, қаныңда,
Отан үшін шыбындай шырқыраған жаныңда!
Жасымаған жігерде, мұқалмаған намыста,
Былғанбаған қолыңда, кір шалмаған арыңда!

Құдай сүйер пендесін ұлттың жоғын жоқтаған,
Мәңгілік Ел белгісі – парызыңда ақтаған!
Қуатыңда рухтың, мұратыңда халықтың,

Мұрасында көзінің қарасындай сақтаған!

Мейірімі төгілген алыс пенен жақынға,

Мәңгілік Ел белгісі – парасатта, ақылда!

Жүрек қанын ағызып, тілдің майын тамызып,

Жырлап кеткен ақындар кемеңгерлер хақында.

Сақтанбасаң тарылар кең дүние бір демде,

Мәңгілік Ел белгісі – мызғымайтын іргеңде!

Бәрі көзге ілінер, кім екенің білінер,

Ел басына күн туған екі талай күндерде!

Төбемізден мәңгілік күннің нұры құйылса,

Мәңгілік Ел болмақпыз болашақта бұйырса:

Жүгенделіп жемқорлар, түгенделіп қазына,

Ұры-қары тұсалып, телі-тентек тиылса?

Дінді бұзған сұмдардың, елді бұзған қулардың,

Адымдары ұзармай, қылталары қиылса?

Бір Байрақтың астына, бір тілектің үстіне,

Шартарапқа шашылған иісі қазақ жиылса?

Жетім-жесір тойынып, паракорлық жойылып,

Бауырласқан қалың ел бір Аллаға сыйынса?

Бақыт құсы қонарда, Мәңгілік Ел боларда,

Періштенің қасына сайтан сірә жолар ма?

Мәңгілік Ел белгісі – аспандаған Байтерек,

Жайнап тұрған Астана, жарқыраған Ақорда!

Жаксы-жайсаң кеңесіп, төрт құбыла теңесіп,

Арман болмас айналсақ алынбайтын қамалға!

Несіпбек Айтұлы, ақын, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты